ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
ШЕШІМ

(қарар бөлігі)

2025 жылғы 18 маусым №1513-25-00-2/1234 іс Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья С.Е.Мукашева, электрондық азаматық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«ҚАЖсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «Best buy» Алтынай Акатовна Шалгынбаева

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «ҚАЖсервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Best buy» Алтынай Акатовна Шалгынбаева мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Best buy» Алтынай Акатовна Шалгынбаевадан жергілікті бюджетке 1 966 (мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер жеке кәсіпкер «Best buy» Алтынай Акатовна Шалгынбаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 18.06.2025

Судья С.Е.Мукашева

Құжатқа қол қойылған: Мукашева С. Е., 18.06.2025